

Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№8 (916) Сәрсенбі 26 ақпан 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/><http://www.instagram.com/eltilegigazeti><http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## НАҚЫЛ СӨЗ

Ең үлкен бақыт – еңбекпен келген бақыт.

ГЕНРИ ФОРД

Адамның өмірі оның ойларынан қалыптасады.

МАРК АВРЕЛИЙ

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕЛЕГАТТАРЫ ҚАЗАЛЫДА

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қазақстан Журналистер Академиясының академигі, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Айғақ» телеарнасының директоры Дулат Әбіш бастаған делегация Қазалы ауданында болып, аудандағы бірқатар нысандарды аралады. Делегация құрамында Түркістан облысындағы Ғани Мұратбаев атындағы он мектептің және колледждің өкілдері, яғни мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары бар.

Делегация мүшелері Қазақстан мен Орта Азия жастарының қошбасшысы, Шығыстың шамшырағы атанған Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейінде болып, музей экспозициясымен және тарихи

құнды құжаттармен танысты. Сондай-ақ, қайраткер тұлға Ғани Мұратбаевты өз оқу орындарында насихаттау үшін Ғанидың өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты құнды деректер мен тарихи құжаттар көшірмелерін алып, музей ұжымымен әріптестік байланыс орнатты.

Делегация басшысы Түркістан облысының жастар ұйымын басқарған Ғани рухына тағзым ете келген әріптестері атынан музейге сыйлық тапсырып, «Құрмет кітабына қолтаңбасын қалдырды.

**Роза АСАНОВА,**  
**Ғани Мұратбаевтың**  
**мемориалдық музейінің**  
**менгерушісі**

## КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Облыстық кітапханада жазушы, публицист, қоғам қайраткері Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» кітабы бойынша оқырмандар конференциясы ұйымдастырылды. Мақсаты – оқырмандарға қазақ әдебиетіндегі деректі роман жанрының негізін қалаушы қаламгердің шығармашылығын насихаттау, тұтас бір тарихи кезеңнің әлеуметтік-саяси, мәдени-рухани болмысы ашылып көрсетілген Қаныш сынды ұлы тұлғаның ғұмыр шежіресі баяндалған туындыны таныстыру.

Шараға Қорқыт Ата атындағы ҚУ студенттері, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары және кітапхана қызметкерлері қатысты. Кеш қонақтары М.Сәрсекенің үлкен ізденісі пен қажыр-қайратымен дүниеге келген, қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, қасиет-болмысы парасаттылық пен кемелдіктің үлгісіндей болған, Қазақстанның ғылымы мен экономикасының тұғырын бекемдеп берген тұлға Қ.Сәтбаев туралы «Қазақтың Қанышы» атты еңбегіне жан-жақты талдау жасалды.

## ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Азамат Б. Қызылорда қаласында орналасқан потерінде анасы Г. мазасын алып, ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзған. Сот отырысында Б. кінәсін толығымен мойындап, полиция органдарымен қолданған қорғау нұсқамасы талаптарын бұзғанына өкінетінін білдірді. ӘҚБтК-нің 461-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу 10 тәулікке әкімшілік

қамаққа алуға алып келеді. Азамат Б.-ның әрекеті, іс-құжаттарына тіркелген. Жәбірленушінің арызымен, түсінігімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен дәлелін тапты. Азамат Б. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 461-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алынды.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2800 теңге;**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН**  
**ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН**  
**ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Қытайға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс және мұнай компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар. Сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту.

Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы Сиань қаласындағы мұнай-газ, химия өнеркәсібі саласындағы компания жетекшілерімен кездесті. Алдымен «Yan'an Energy Equipment Group» компаниясы басшысымен жүздесіп, өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін айтты.

«Бірінші кезекте Қызылорда облысы мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы бүгінгі кездесуе қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Біз Қытайдың озық технологияларын

облыс өнеркәсібіне енгізу үшін арнайы делегация жасақтап келдік.

Мұнай-газ – өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі және облыс экономикасының негізі. Оның үлесі өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің 48,7%-дан астамын құрайды, 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды. Облыс аумағында мұнай өндірумен және барлаумен 49 кеніште 25 компания айналысады. Алайда, мұнай ұңғымаларының көпшілігінің сарқылуына байланысты қорды толықтыру мақсатында геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Одан

бөлек, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы «Торғай-палеозой» кен орнында тереңдігі 5,5 мың метр ұңғыманы бұрғылауда. Қазіргі таңда бұрғылау жұмыстары шамамен 5,4 мың тереңдікке жетті. Осы ретте, құрметті мырзалар, компанияның заманауи технологиясы мен тәжірибесін ескеріп, Қызылорда облысында бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Облыс әкімдігі өз тарапынан зауыттарды орналастыру үшін жер, инженерлік инфрақұрылым, жан-жақты логистикалық қолдау білдіруге дайын», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы «Xian ANCN Smart Instrument Inc» мұнай-газ компаниясының басшысымен кездесті. «Xian ANCN Smart Instrument Inc» компаниясы 2007 жылы құрылған. Негізгі қызметі – газ

кен орнының автономды басқару жүйелерін, жарылысқа қауіпсіз тексеру роботтарын, smart өлшеу құралдарын және басқа да мұнай-газ жабдықтарын өндіру. Компанияда 320 қызметкер, 100 ғылыми-зерттеу тобының мүшесі, 340 ғылыми-зерттеу патенті бар. Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, жауапты сала басшылары, кәсіпкерлер Сиань қаласында инвестициялық тұрғыдан әлеуетті бизнес өкілдерімен кездесті. Аймақ басшысы бастаған облыс делегациясының жұмыс сапарын ҚР Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі ұйымдастырған. Келіссөздер басқа қалаларда да жалғасады.

«Ел тілегі» ақпарат

## 396 МАМАҢҒА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ НЕСИЕСІ БЕРІЛДІ

Дипломмен ауылға» жобасының жүзеге асырылуы партия алаңында талқыланды.

«AMANAT» партиясының Қызылорда облыстық филиалының Атқарушы хатшысы Ләйла Төрешованың қатысуымен партия филиалы жанындағы «Білім және Денсаулық сақтау мәселелері» жөніндегі аймақтық кеңестің отырысы өтті. Онда «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 2024 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспар талқыланды.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы біріншіден, елді мекендердегі кадр тапшылығын шешсе, екіншіден, жастардың тәжірибе жинақтап, жұмыспен қамтылуына кең жол ашты.

Жоба аясында ауылдық жерлерге ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салалары бойынша мамандар жұмысқа келіп, оларды баспанмен қамтуға және біртұтас көмек ретінде қаржы беріліп келеді. Жылы барысында жобаның өңірде жүзеге асу барысы туралы облыстық экономика және қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дастан Баймаханов кенінен атап өтті.

«Өткен жылы «Дипломмен ауылға» жобасы аясында республикалық бюджеттен тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін аудан орталықтарына 2500 АЕК, ауылдық елді мекендерде 2000 АЕК мөлшерінен аспайтын көлемде 396 маманға 3,3 млрд. теңге жеңілдетілген тұрғын үй несиесі бөлінді. Алайда қаржының бөлініп түсуіне байланысты жоспарланған 396 маманның 365-не жеңілдетілген тұрғын үй несиесі берілді. Қалған 31 маманның қаржысын наурыз айына дейін толық игеру жоспарлануда.



Олардың 9-ы Жаңақорған ауданына тиесілі болса, 22 маман Қызылорда қаласында. Сонымен қатар, 2024 жылы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 671 маманға 220,4 млн. теңге біржолғы көтерме жәрдемақы берілді. Ағымдағы жылы жоба аясында 194 маманға 1,7 млрд. теңге жеңілдетілген тұрғын үй несиесі және 468 маманға 184,0 млн. теңге біржолғы көтерме жәрдемақы беру жоспарланып отыр», – деді Дастан Баймаханов.

Партияның облыстық филиалының Атқарушысы Ләйла Төрешова «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасында ауылдық жерлерде білім, медицина салаларына халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету, соның ішінде мамандар тапшылығын болдырмау бағытында жұмыс жасап келеді. «Дипломмен ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы осы бағытта сапалы жүзеге

асуға тиісті жобалардың бірі екенін атап өтіп, жобаның аймақта дұрыс жүзеге асуын қатаң қадағалау қажеттігін айтты.

Отырыста жұмысты жетілдіруге қатысты ұсыныстар ортаға салынып, тиісті жұмыстар жасалатын болды. Атап өтейік, партия филиалы жанындағы «Білім және денсаулық сақтау мәселелері» жөніндегі аймақтық кеңесі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Кеңес құрамы мәслихат депутаттарынан, аймақтық қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың басшыларынан, салалық сарапшылардан, қоғамдық пікір қозғалыстары, саясаткерлер, журналистер мен азаматтық белсенділерден құрылған. Жылы барысында белгілі себептермен бірқатар азаматтар кеңес құрамынан шығарылып, жаңа мүшелермен толықты.

## Наурыз айында жаңа банкнот айналымға шығады

Наурызда 1 000 теңгелік жаңа банкнота айналымға шығады. 1 000 теңгелік қағаз ақша «Сақ стилі» сериясынан тарайды. Кескіні суретте көрсетілгендей. Наурыз айының аяғында айналымға шығады. Жаңа серияда жануарлар бейнеленген.





